

63.3(БҚАЗ)

Б-32

Әмірхан БӘКІРҰЛЫ



**“ФРАНЦ”
ОПЕРАЦИЯСЫ**

13.

63.3(Б Қаз)


Б-32

Бұл кітабымды жұбайым Зағипаға арнаймын.


Автор

«ФРАНЦ» ОПЕРАЦИЯСЫ

Му



2010



УДК 94 (574)
ББК 63.3 (5 Қаз)
Б 32

Бәкірұлы Ә.

Б 32 «Франц» операциясы – Қызылорда: «Тұмар», 2010.
-328 бет.

ISBN 978-601-229-119-3

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, жазушы-
публицист, шоқайтанушы Әмірхан Бәкірұлы бұл естелік
кітабында кезіндегі казактын каймактарының, ұлт
тұлғаларының талайлы тағдыры, сонау бір актандақ
жылдары жазықсыз жазаланған жандар туралы, Одақ
басшыларының сұрқия саясаты жайында мемлекеттік
кауіпсіздік комитетінің мұрағаттық деректерін орынды
пайдаланған. Жалпы, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру,
 тоталитаризм құрбандарын мәнгі есте қалдыруға
айтарлықтай үлес қоскан. Сондай-ак, өткен ғасырдың
соңғы жылдары елде орын алған, қалың көпшіліктің
жадынан өше қоймаған оқиғаларды да жаңаша толғап,
соны сыр шертеді.


4462-3

ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-229-119-3

Ә. ТӘЖІБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ
ӘМБЕБАП ҒЫЛЫМИ
КІТАПХАНАСЫ

© «Тұмар»
2010 ж.



Алғысөз

Қазақ халқының өткен тарихына зер салсак, оның бүрмаланбаған беттері кемде-кем. Сондыктан да болар, кей тарихи шындықты киялдан ажыратып алу киынға соғады. Кім батыр, кім сатқын? Кім халық үшін қам жеді, кім жеке басының пайдасын ойлады? Кім өз өмірін туған елі үшін қиды? Кім тарихи жолда шын қателесті, кім қасакана халқының қанын төкті? Иә, бұл сауалдарға жауап беруде онай емес. Әділдігі сол, тарихта із қалдырған белгілі қайраткерлердің қызметтерін, тіршіліктерін, іс-әрекеттерін олардың өмір сүрген уақытына, заманына, сол кездегі тарихи кезеңдерге сай бағалау қажет. Уақытты өзгертуге қақымыз жоқ, оны тандауға да болмайды. Тек әр адамның қылышы-қылышы кезеңде өз жолын тандауға құқы бар.

Орта Азия мен Қазақстан халқының тағдыры кімді ойландырмады? Түрлі-түрлі партия мен топтардың билік үшін құрескені де рас. Қалай болғанда да шындығы сол. Қазақстан КСРОның бір республикасы болып шыға келді. Женіске жеткендер биледі, ал женілгендер жаппай жазаланды, қуғын-сүргінге ұшырады.

Мұстафа Шокай солардың кебін киді, еріксіз туған жерін тастап, шет елге кетті. Бірақ ол әделкі тандаған өмірлік жолынан бас тартпады. Шетелде өткен жиырма жылдан астам ғұмырында туған елінің азаттығы үшін қресті. Оның айғағы – Батыс елдерінде бастырып шығарған кітаптары мен журналдары, саяси-қоғамдық, публицистикалық мақалалары. Бұл еңбектерінде ол Кенес үкіметінің Орта Азия мен Қазақстандағы отаршыл саясатын үздіксіз әшкерелеп, оған әділ бағасын беріп отырды.

Бұл жағдай сол кездегі мемлекет басшыларын қатты састьорды. Иосиф Сталин қауіпсіздік органдарына Мұстафа Шокайдың антикенестік әрекетін бейтарап етіп қалдыруды катан тапсырды. «Олай етпейінше, Қазақстанда шоқаевтардың женісі сөзсіз жүзеге асады. Ал бұл Қазақстанда коммунизмнің идеологиялық және саяси қүйреуіне сәйкес келеді...» - деген қаупін білдірді.

Кешікпей Біріккен саяси Бас басқармасы (ОГПУ) «Франц» жете тексеру ісінің шенберінде Мұстафа Шоқай мен оның туыстарын, жақындарын және жора-жолдастарын агентуралық бақылауға алады.

Бұл кітапта негізінен Біріккен саяси Бас басқармасының Мұстафа Шоқайға қарсы күресі баяндалады.


Әмірхан БӘКІРҰЛЫ

Издательство Адат
Атыраевский областной областной архив
АДАТ АТАРАЕВСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЛАСТНАЯ АРХИВ
АДАТ АТАРАЕВСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЛАСТНАЯ АРХИВ

I бөлім

МҰСТАФА ШОКАЙДЫҢ ІСІ ЖАЙЛЫ

Повесть



«ФРАНЦ» ОПЕРАЦИЯСЫ

В эмиграции нам приходилось играть самые разные, порой физически непривычные роли. Бог миловал нас: низкие роли клеветников, мошенников и подхалимов мы никогда не играли.

Наша совесть чиста.

Мария Чокай

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ІСІ ЖАЙЛЫ

1917 жыл. Коқан қаласы. Түркістан мұсылмандарының IV Төтенше құрылтайы 1917 жылы 26 қарашада Коқан қаласында өтті. Бұл күндері Мұстафа Шоқай қайшылықта қалып жүрді. Құрылтайшылар шешімді түрде автономияны қалады. Олар большевиктерге сендей. Өйткені революция көсемі В.И.Лениннің өзі: «Ұлттар өзінің мемлекеттік құрылышын өзі шешуге құқығы бар» деген болатын. Жалғыз түркістандықтар емес, оған басқа ұлттар да сендей. Қазан төңкерісінен кейін Ресей империясы ыдырап, бір кездері тұтас мемлекеттің орнында жаңадан 75 республика мен автономия пайда болды. Солардың қатарында Ресейден тәуелсіз болып алғашқы мемлекеттер Финляндия, Украина және Кавказда құрылды. Бірак Мұстафа Шоқай «жана құрылған мемлекеттерді орыстар еркіне қалдырады» деп ойлаған жоқ. Өзінің ой-пікірлерін Коқан және Алашорда үкіметтерінің басы-қасында жүрген зиялы азаматтарға жеткізді. Негізінен Мұстафа Шоқай біртұтас Түркістан мемлекетін құрғанды жөн көрді. Осылай болған жағдайда ғана большевиктердің қарулы шабуылына қарсы тойтарыс беруге болатынына әбден сендей. Алайда, ұлт жетекшілері бұл ұсынысты қабыл алмады. Алашорда үкіметінің басшысы Э.Бекейханов оған былай деді: «Қазак Түркістанмен бір автономияда болса, автономия арбасына түйе

мен есекті қатар жеккен болады. Бұл арбаға мініп, біз кайда барамыз?». Мұстафа Шоқай Түркістан автономистерімен де сөйлесті. Бірақ мемлекет басқару нысаны жөнінде бірауыздық болмады. Басым көпшілігі Ресейден тәуелсіз өз алдына мемлекет күрғанды жөн көрді. Германия және Түркия бағытын ұстағандар да болды. Осындай жағдайда Мұстафа Шоқай автономияны асығыс жариялауын жақтай алмайтынын білдірді. Құрылтайшылар алдында ол былай деді:

- Казіргі жағдайда толық жарамды мемлекет құру онай емес. Оған лайық тәжірибе де, кадр да, келешек автономияны қорғайтын қарулы күш те жок. Біз Ресеймен достық калыпта, бейбіт өмір сұруіміз керек. Осыған географиялық жағдайдың өзі еріксіз көндіреді. Мен Кенестердің саясатын қабыл алмаймын, бірақ большевиктердің киратушы күшіне сенемін.

Расын айтқанда, автономистердің нактылап белгіленген бағдарламалары да жок еді. Қарулы күші, заманға лайық қару жаракты пайдаланатын бірде-бір адам болмады. Сол күндері Түркістанда ашаршылық басталып, астық жеткізіп тұратын теміржолдар орыс әскері мен орыс жұмысшыларының қолында болды. Бұл сәтті большевиктер қажет болған жағдайда қалт жібермейтіні де анық еді. Олар Түркістан автономиясын қаламайтынын ашық айтты. Тіпті, Мұстафа Шоқайды Ташкентке шақырып алып, Түркістан автономиясының келешегі жок екенін ескертіп, Кенестік автономияны басқаруды ұсынды. Бірақ Мұстафа Шоқай өзінің идеясына адалдық танытып, бұл ұсыныстан үзілді-кесілді бас тартты. «Міне, осындай жағдайда тәуекелге барып автономия жариялау Кенес өкіметіне соғыс жариялаумен бірдей еді де, өз халқынды өз қолынмен өлімге байлад берер едің», - деп жазды кейін Мұстафа Шоқай өкінішпен. Амал жок, құрылтайшылардың қалауы болды. Үш күнге созылған құрылтай қаулы қабылдап, Түркістан автономиясын жариялады. Мұстафа Шоқай жауапкершіліктен қашқан жок. Құрылтай жиналысына төрағалық етті. Автономия қаулысын өз қолымен жазып, өз аузымен жариялады. Дегенмен әлсіз үкіметтің мүшесі болғысы келмеді. Бұл пікірін ашық айттып, үкіметтен тыс қала отырып, колдау көрсететінін мәлімдеді. Бірақ құрылтайшылар оған келіспей, үкімет құрамына кіргізіп, оған сыртқы істер министрінің міндетін жүктеді. Бірінші министр және ішкі істер министрі болып Мұқамеджан Тынышпаев тағайындалды. Бірақ тартқыншақтық білдіріп, үкіметті дұрыс басқара алмады. Нақтылап айтқанда, Уақытша үкімет каржы

мәселесін шешу мақсатында жергілікті мемлекет банктерін тәркілеу жөнінде қаулы қабылдаған болатын. Алайда, жаңа үкіметтің бұл қадамы большевиктердің наразылығын тудырады деген желеумен М.Тынышпаев қаулыны орындаудан бас тартты. Уақытша үкіметтің мүшелері бір келісімге келемін деп жүргенде, большевиктер Қокандағы банктерінің бар ақшасын сипырып, Ташкентке алып кетті. Министрлер кенесі М.Тынышпаевтың бұл әрекетін «саботаж» деп бағалап, оны қызметінен босатып, орнына бірауыздан Мұстафа Шоқайды сайлады. Айта кету керек, Мұстафа Шоқай жаңа үкіметтің негізін қалауға белсене кірісті. Уақытша үкіметтің бағдарламасын бекіткен соң, қарулы күштерін, қаржы істерін, салық жүйесін және басқа да автономияның мекемелерін ұйымдастыру үшін бірқатар қаулылар қабылдады. Кейбірі жүзеге асырыла бастады, яғни 30 миллион сомның заемы шығарылып, таратылды. Автономияны қорғауға қажет қару-жарақ пен оқ-дәрі сатып алынды. Азық-түлік сатып алуға министрлердің бірі Кавказға жіберілді. Қаладағы шаруа мен жұмысшыларды автономияның туы астына біріктіруге, сол кездегі көне мемлекеттік аппараттарды тартуға күш салынды. Тіпті, сайлау туралы Заң да қабылданды. Сонымен қатар, большевиктермен келісім сөз жүргізілді. В.И.Лениннің атына жедел хат жіберіліп, зансыз құрылған Кенес үкіметтің билігін тоқтатып, Түркістан Уақытша үкіметтің тану сұралды. Өкінішке қарай, жауапты И.В.Сталин берді. Хатының соңында, барынша кекетіп, ол былай депті: «Егер бұл үкіметті (яғни, Кенес үкіметтің) қолдамасаныздар, оны күшпен жоюға болады». Кешікпей Мұстафа Шоқайдың қабылдауына большевиктердің уәкілі Н.Сазонов келіп:

- Кенес үкіметі бейбіт келісімге келу жөнінде қаулы қабылдады. Соған сәйкес Уақытша үкіметтің өкілеттігін тапсырып, Кенес үкіметіне бағыну талап етіледі, - деп, қаулыда қаралған талаптарды орындауға шакырды.

- Ондай мәселені бір өзім шешуге өкілеттігім жоқ. Министрлер кенесі отырысында талқыланады, - деді Мұстафа Шоқай. – Дегенмен, жеке пікірімді айтайын. Егерде большевиктер қаланы атқылауын тоқтатып, бейбіт халыққа зорлық-зомбылық көрсетуден бас тартса ұсынысты қарап, бір шешімге келуге болады.

Араға екі күн салып большевиктердің уәкілдері тағы келді. Бұл жолы Кенес үкіметі ультиматум жариялады. Мұстафа Шоқай Министрлер кенесін жинап, ультиматумның мазмұнымен таныстыруды. Онда мынадай талаптар қойылған екен: «Түркістан

уақытша үкіметі Кенес үкіметін танысын. Түркістан халқының Кенес үкіметіне бағыну туралы Үндеу жариялансын. Түркістан Уақытша үкіметінің ұлттық армиясы қарузыздандырылып, дереу таратылсын. Барлық жиналған қару-жарак большевиктерге тапсырылсын».

Министрлер кенесі ультиматумды талқылады. Корытынды сөзінде Мұстафа Шоқай қатысып отырған большевиктердің үәкілдеріне былай деді:

- Қазір күш сіздердің қолдарыныңда. Ал бізде өзіміздің ұлттық құқығымызды тандаудан басқа күш әзірше жок. Алайда сіздердің биліктегінізді, яғни Түркістан Кенес билігін танудан бастартамыз.

Мұстафа Шоқай естеліктерінің бірінде сол күндерді еске алып, былай деп жазды: «Мүмкін, біздер еліміздің ен лайықты өкілдері болмаған да шығармыз. Бірақ тағдыр бізді ұлттық ісіміздің көшбасына қойды. Біз өзіміз бастаған және бүкіл халық қолдаған істің деңгейіне көтерілуге тырыстық. Біз өзімізге жүктеген міндетті сезіне білдік. Біздің ұлттық ісімізге қатер төнген шақта Кенес өкіметіне бағынуды және ел мен халықты билеуді ерікті түрде большевиктерге беруді өзіміз үшін және ісіміз үшін лайықсыз деп таптық...».

Большевиктер ультиматумда қаралған талаптарды орындауға 3 сағат уақыт берді. Бірақ олар берілген мерзімге қарамай Уақытша үкіметпен қоса Коқанд қаласын жоюға кірісті. Мәскеуде отырған большевиктер мақсатына жету үшін Ресейден тұракты әскер тиелген 11 эшелон жіберген болатын. Жолай оларға Қызылорда уезіндегі Ақмешіт пен Қазалыда шоғырланған қызыл әскерінің бөлімшелері қосылды. Ол аз болғандай, Кенес үкіметі аяқ астынан «Шаруалар армиясын» құрды. Құрамына 17-50 жас аралығындағы ұлты орыс және армян ер жігіттері кірді. Бұлар кезінде патша үкіметінің әмірімен жер аударылып (переселенцы) келген еді. Мінеки, қолдарына сансыз қару-жарак, ок-дәрі беріп, еркіне қоя берген олар ә дегеннен үйреншікті әдетіне салып, жергілікті мұсылман халқын қыспаққа алып, тонай бастады. Әсірсе, «шаруалар армиясына» әдейілеп кіргізген «дашнектар» (ұлтшыл армяндар) өздерінің қатыгездіктерімен айрықша көзге тұсті. Сонымен қатар, большевиктер қарулы күштерін жасактап ұлғірмеген үкіметке карсы зенбіректер мен аэропландар пайдаланды. Нәтижесінде, ондаған қаладағы кеңселер, мектептер, дүкендер, мешіттер қираған. Сондай-ак, кейбір деректер бойынша 11 000-ға жуық жеке үйлер құлғе айналған, 15 000-ға жуық қаланын

бейбіт тұрғындары қаза тапқан, дүние-мұліктегі талан-таражға салынған. Қысқасы, Қоқанд қаласының басым бөлігі 3-4 күн ішінде жермен бірдей болып тегістелген.

Мұстафа Шоқайдың айтқаны дәл келді. Кеңес үкіметі екі айға жеткізбей, Ресейден тәуелсіз құрылған 75 республика мен автономияның 55-ін қарулы шабуыл жасап жойып үлгірді. Солардың қатарында Қоқан және Алашорда үкіметтері болды. Әсіресе, Қоқан үкіметі аса мейірімсіздікпен талқандалды. Үакытша үкіметі құрамында болған 30 мүшесі тұтқындалып, басым көпшілігі ату жазасына кесілді. Мұстафа Шоқай мен тағы 5-6 үкімет мүшесі аты-жөнін өзгертип, жасырынып аман қалды. Большевиктер «Мұстафа Шоқайдың басын алып келген адамға мын сом акша береміз» деп жариялады. Қоқан үкіметінің басшысын тұтқындауға В.И.Ленин санкция берген көрінеді.

Алайда, Мұстафа Шоқай мен кабинет мүшелерін тұтқындалап, қамауға алып жазалауға құштар болған жалғыз большевиктер емес болып шықты. Большевиктерден бір күн бұрын, «елді жаулардан босатып аламыз» деп басмасшылар жетекшісі Ергаш төңкеріс үйымдастырып, «Қоқан үкіметінің» мүшелерін түгелдей жазалауға бұйрық берген екен. Үкімет мүшелерінің бірқатары ізіне тұсушилерден жасырынып үлгірген, қалғандары бас сауғалап қышлактарды аралап қашқан.

Мұстафа Шоқай Қокандағы соғыс басылғанша өзіне баспана іздел, Ферғана даласындағы қышлактарды аралаған. Большевиктерден жасырынып, үстіне сарт киімдерін киген, яғни аяғында кебіс, мәсі, үстінде ала шапан, басында қазандай ақ сәлде. Құмбасы қышлағына келгенде қару-жарапын асынған 20 шақты сарт келіп, Мұстафа Шоқайды ұстап тергеуге алған. Бұл оқиғаны С.Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу» кітабында былай деп суреттейді.

- Сен кімсін? – деп сарттардың бірі одан сұрайды.
- Мұсылманмын, - деп Мұстафа Шоқай жауап береді.
- Қайсы мұсылмансын? – деп әлгі сарт сұрағын жалғастырады.
- Қазакпын.
- Қазак қашаннан бері мұсылман болған?
- Әлімсактан бері мұсылманмын.
- Қазактың мұсылман екеніне біздің шегіміз бар!
- Сендердің шектерін болса, біздің қазактың да шәді бар.
- Шәді немене? Кәне айт! – деп сұрак койып тұрған сарт одан сайын жындана тұседі.

Мұстафа Шоқай жас күндерінде діни кітаптан жаттап алғандарын айтып, өлімге кесілген жерінен аман қалады. Осыдан кейін ізіне тұсушилерден жасырынып Ташкентке келеді. Осы жерде Мария Яковлевна Горина деген орыс әйеліне үйленіп, екеуі шетелге кетеді. Кетер алдында Мұстафа Шоқайдың ұсынысы бойынша Мария Яковлевна ислам дінін қабылдап, фамилиясын Мария Жақыпқызы деп өзгертерді.

Мұстафа Шоқай шетелде эмиграцияда жүріп, большевиктерге қарсы идеялық құресін токтатқан жок. Жиырмасыншы жылдардың басында Берлинде және Парижде «Руль», «Голос Родины», «Время» сияқты акәмигранттардың бірқатар газет-журналдары шыға бастаған еді. Осындай басылымдардың бірі – «Дни» газетінде Мұстафа Шоқайдың Орта Азия мен Қазакстандағы саяси-экономикалық жағдайларын сынап, орыстілінде бірсыныра мақалалары жарияланды. Оның «Советская ссуда», «Из жизни рабочих киргиз», «Одна из причин недоверия», «В Новом Туркестане», «Голод», «Пробуждение», «Красная тряпка» және басқа да өткір публицистикалық шығармаларын батыс елдері мен эмигранттар ортасы ықыласпен қарсы алды. Кенес Одағының билеушілеріне бұл дүниелер керісінше үрей туғызды. Әсіресе, Мұстафа Шоқайдың ашық жазған «Голод» (ашаршылық) атты мақаласын олар антикенестік үгіт пен насиҳат деп бағалады. Сол себепті ұлы көсемнің ізбасары И.Сталин бұл мәселеге қауіпсіздік органдарының назарын аударып, Мұстафа Шоқайға қарсы барлау жұмыстарын күшеттуді талап етті.

1925 жыл. Кремль. Біріккен саяси Бас басқармасының (ОГПУ) төрағасы В.Менжинский кешкі сағат 10-ға бір минөт қалғанда И.Сталиннің қабылдау бөлмесіне кірді. Белгілентен тәртіп бойынша мемлекет басшысы аптасына екі рет, кешкі сағат 10-нан тұнгі 2-ге дейін қауіпсіздік органдарының төрағасын қабылдап, атқарып жатқан жұмыстары жайлы әңгімелесетін. Бұл жолы да өзінің сенімді көлеңкесі болған В.Менжинскийді кідірместен қабылдап, екеуі ұзак сөйlestі.

Осыдан тұра бес жыл бұрын Біріккен саяси Бас басқармасының жанынан айрықша топ құрылып, оған шетелде жүргізілетін құпия операцияларды жүзеге асыру міндеттелген болатын. Құрамында жиырма қызметкер мен алпысқа жуық жасырын агенттері бар бұл топты Менжинский басқарды. Жұмысы нәтижесіз болған жок. «Трест», «Академия», «Консул», «Мечтатели», «Кларнет-5», «Синдикат» деп келетін көптеген жасырын атаулармен құпия операциялар өткізді. Соның арқасында эмиграцияда жүрген ондаған

белгілі тұлғалар Кенес Одағына алдау жолдарымен қайтарылып, артынша қатаң жазаға тартылды. Қалғандары терроршыл әдіспен жойылды. Солардың қатарында большевиктердің саяси жаулары, ақғвардияшылардың генералдары Александр Кутепов пен Евгений Миллер, украин ұлтшылдары Евгений Коновалец, Лев Ребет, Степан Бандера және басқалары болды. Сондықтан И.Сталин қауіпсіздік органдарының айтарлықтай табысына разы еді.

Әңгіме сонында И.Сталин кенеттен сұрақ қойды:

- Вячеслав, қай уклон ең қауіпті?

Менжинский бұл сұрақты күтпеген еді. Бірақ И.Сталиннің мұндай мінезін білетін. Сол себепті аса абыржыған жок.

- Қай уклонға қарсы күрес жүргізілмесе, сол уклон ең қауіпті,- деп байсалды үнмен жауап берді.

- Вячеслав, сен большевиктердің ісіне берілген, өте білімді, мықты чекистсің,- деп И.Сталин оның берген жауабына қанағат етті.

И.Сталин темекісін тұтатып, бірнеше рет ішке тартты. Сосын барып Менжинскийге сынай қарап:

- Ұлтшылдар бас көтере бастады. Себебі, оларға қарсы күрес жүйелі түрде жүргізілмей келеді. Әсіреле, Қазақстанда...

И.Сталин ұлт мәселесі бойынша танылған маман болатын. Кезінде «Марксизм және ұлт мәселесі» деп аталатын кітапша жазған. Бұл еңбегін В.И.Лениннің өзі мойындаған. Орыстың ұлы жазушы М.Горькийге жазған хаттарының бірінде оны «ғажап грузин» деп те атаған. Қазан төңкерісінен кейін И.Сталин ұлт жөніндегі Халық Комиссары болып тағайындалды. Ортаазиялық республикаларды құрып, шекарасын, одан қалды астанасына дейін шешіп берген де сол. Ұлт мәселесі бойынша республикаларда өткен айтыстар да оның назарынан тыс қалған жок. Бірақ ол кезде «ұлтшылдар» деп ешкімді кінәлаған жок. Тек тым арттық кеткендерді түзетуге тырысты. Көнбекендерін ғана Саяси Бас Басқармасының (ГПУ) бакылауына алғызып отырды. Сондықтан бұл жөнінде Менжинский хабардар еді.

Кауіпсіздік органдары қазақ ұлтшылдарын төрт топқа бөлген. Бірінші топқа Ә.Бекейханов, Р.Марсеков және басқаларын жатқызған. Оларды Кенес Одағының қас жауы деп санады. Екінші топқа М.Мурзагалиев, А.Кежин және басқаларын кіргізген. Олар жетекшілік еткен топтың саяси басымдылығы толық аныкталмаған деп тұжырымдаған. Үшінші топты Қырғыз (қазақ) Орталық Атқару Комитетінің төрағасы С.Мендешев басқарған көрінеді. Чекистер оны солшыл-радикалдық позициядағы ең әйгілі адам деп бағалаған. Төртінші топқа Жетісу мен Сырдария

өніріндегі беделі бар «панисламистердің» үйімін жатқызған. Қауіпсіздік органдары аталған топтардың басын біріктіріп, құпия істі «Движение» («Қозғалыс») деп атап, жете тексеруді Саяси Бас Басқармасының Қазақстандағы өкілетті өкіліне тапсырған. Бұл іс И.Сталиннің жеке бақылауында болды. Сондықтан әнгіме қазақ «ұлтшылдарына» ауысқан кезде Менжинский оған өзімен бірге ала келген «О состоянии и деятельности Алаш-Орды и киргизских национальных группировок» деп аталағын сараптамалық анықтаманы танысуға ұсынды.

И.Сталин құпия белгісі соғылған құжатты жүгірте қарап шықты. Әдеттегідей, істің дәл мәнісіне тез түсінді. Менжинскийге қадала қарап:

- Бұл іс бойынша тексеру жұмыстары жүйесіз және олак жүргізіліп келеді. Сондықтан оның құндылығы мен мағынасы екіталай, - деді.

И.Сталин сөніп қалған темекісін ұзак тұтатып, бір-екі рет ішіне тартқан соң ғана әнгімесін жалғастырды.

- Есінде ме, «Алаш» партиясының жетекшілері Ә.Бекейханов, М.Дулатов және басқаларының қылмыстық істері қыскартылғаны? Жергілікті Саяси Бас Басқармасының жинаған материалдары көпірме және накты фактілерге негізделмеген болып шықты. Сол себепті айып тағуға мүмкіндік болған жок. Олар қамаудан босатылып, жауапкершіліктен құтылып кетті. Әттен, керісінше болғанда, сол 1922 жылы-ақ олардың қарасын құртатын едік...

И.Сталин қарсы отырған Менжинскийге жақтырмай қарады.

- Қазақ ұлтшылдары туралы дайындалған шолу материалдарында белгісіз емес Мұстафа Шоқаев туралы жол-жөнекей ғана атап өткенсіндер. Мұны қалай түсінуге болады? Бұл адамға шындал қатты көніл аудару керек. Себебі, ол - Кенес Өкіметінің қас жауы. Шетелдегі буржуазия баспасөзінің өсек-жаласының нағыз колдаушысы...

И.Сталин столының тартпасынан бір буда газеттерді алғып, Менжинскийдің алдына таstadtы

- Бұл тек қана акғвардияшыл «Дни» газетінде жарияланған Мұстафа Шоқаевтың макалалары...

Менжинский амалсыз бар ынтамен тындал отырды. Басқалар сияқты ол да И.Сталиннің қаһарынан сескенетін.

- Мен оның жазғандарын зер салып оқып шықтым. Көп жағдайда Орта Азия мен Қазақстанда басылып шығатын газет пен журналдарда жарияланған материалдарға сүйенеді. Әсіресе, «Ақжол» газетіне сілтеген ескертпелер басым. Бұл Мұстафа

Шоқаевтың Орта Азия мен Қазақстандағы ұлтшылдармен тығыз байланыста екенін дәлелдейді. Міне, осы бағытта жұмысты белсенді жүргізу керек.

- Жолдас Сталин! Сіздің берген тапсырманың сөзсіз жүзеге асырылады,- деп Менжинский түзетіліп тұра қалды.

И.Сталин өзіне беріліп қараған Менжинскийге:

- Жарайды, боссың!- деп тілектестік білдірді.

Менжинский кабинетінен шыққан бойда И.Сталин қабылдау бөлімінде отырған хатшысы Поскребышевты шакырып:

- Ертең, сағат 12-ге РК(б)П ОК Баспасөз бөлімінің менгерушісі Н.Варейкисті шакырыңыз,- деп нұскау берді.

Осыдан кейін И.Сталин бір өзі оңаша қалып, РК(б)П Кыролкеком бюросының атына хат жаза бастады.

Құрметті жолдастар!

Жуырда менің «Ақжол» журналымен (газетімен) танысуға мүмкіндігім болды. Мен осыған байланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақғвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзіді шошытқан осы мақалалар мен «Ақжол» журналының рухани «ынтымағы» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға симаса да, бұл - факт. «Ақжол», әрине, өзі де аңғармастан Шоқаевқа көлемді материал берді. Тіптен де аңғармай қалмайтын Шоқаев болса, бұл материалдарды қорытындылайды және жүртқа ұсынады...»

И.Сталин сөніп қалған темекісін бірнеше рет ішіне тартты, бірақ ойға шомылған ол оны байқамады. Хатты жалғастырды.

«...Мен сынды түсінемін, мен коммунистердің қызметін сынау мүмкіндігін және қажеттілігін толық үғынамын. Бірақ табалаудың және кекшіл сын, бұл біздің сыннымыз емес. Мұндай сынға Кеңестер елінде орын болуға тиіс емес. Мұндай сын буржуазияның қолына коммунизмге қарсы, Кеңестерге қарсы, Кеңестер Одағында өмір сүріп және тіршілік етіп жатқандардың бәріне қарсы құралғана ұсына алады. Осыған байланысты «Ақжол» журналын түбірімен жедел түрде қайта үйымдастыруды, одан партияда жоқ интеллигенттерді қуып және оны коммунистік насихаттың органы етуге байланысты шаралар қолдануды сіздерден сұрауды мен өзімнің міндеттім деп санаймын...»

И.Сталин темекісінін сөніп қалғанын енді байқады. Темекісін тұтатып, бірнеше рет рахаттанып ішіне тартты. Алдына жиналған көк түтінді колымен сермеп, таратқандай болды. Сосын колына қаламын алғып, хатты жалғастырды.

«...Мен партияда жоқ интеллигенттерді Кеңес жұмысына тартуды барынша жақтайды. Егінхалкомы, Халық шаруашылығы кеңесі, коопeração және басқа да шаруашылық органдар үл адамдарды, оларды біртіндеп кеңестендіре отырып, мейлінше пайдалану туіс. Мен сондай-ақ, партияда жоқ интеллигенттерді Қыргыз мәдениетін орнықтыру ісіне тартуды да жақтайды. Бірақ та мен партияда жоқ интеллигенттердің саяси және идеологиялық майдандағы курес ісіне жіберілуіне мүлде қарсымын. Мен партияда жоқ интеллигенттердің қыргыз жастарына саяси және идеологиялық тәрбие берумен айналысуларына қарсымын. Біз өкіметті жастар тәрбиесін партияда жоқ буржуазиялық интеллигенттерге тапсыру үшін алғанымыз жоқ. Үл майдан толығымен және түгелдей коммунистерге қалдырылуы керек. Онсыз Киргизияда шоқаевтардың жеңісі сөзсіз жүзеге асады. Ал үл Киргизиядағы коммунизмнің идеологиялық және саяси күйреуіне сәйкес келеді. Осы мәселе бойынша өздерінің пікірлерінізді, сіздердің мәлімдеулерінізді аса өтініп сұрап едім...»

И.Сталин жазған хатын басынан аяғына дейін қайта оқып шықты. Жазғанына қанағаттанғандай болды. Сонына нұкте қойып: «Коммунистік сәлеммен И.Сталин» деп қол қойды.

Келесі күні И.Сталин белгіленген уақытта РК(б)П ОК Баспасөз бөлімінің менгерушісі Н.Варейкисті қабылдады. Мемлекет басшысы амандастып болған соң бірден іске кірісті.

- «Ақжол» газетіне байланысты пікіріңіз қандай? – деп сұрады.
- Жолдас Сталин! «Ақжол» ұстамсыз газет екенін білемін. Баспасөз бөлімі өзінің қаулыларында және арнайы пікірлерінде газеттің осы қателіктегі әлденеше атап көрсетіп, басшыларына ескертулер берген...

И.Сталин оның сөзін бөліп жіберді.

- Алайда, газеттің бағыты өзгерген жоқ. Әсіресе, соңғы айларда жарық көрген материалдар саяси және идеология жағынан тіпті сын көтермейді. Сіз айткандай үл кателік емес. Үл белгілі бір мақсатка бағытталған және ойластырылған әрекет. Егер ашығын айтатын болсақ, үл партияға қарсы ұлттық интеллигенцияның жұмысы. Байқаймын, олардың «Ақжол» газетіне ықпалы зор. Осында жағдайда не істеу керек? Қандай шаралар қолданған дұрыс? Міне, мен сізден осыны сұрап тұрмын.

- Жолдас Сталин! «Ақжол» газетінің редакция құрамы жанартылады және редакторы орнының босатылады. Қырол-комның атына арнайы хат жолдап, тиісті нұсқамалар берілді.

- Бұл шаралар жеткіліксіз! Біріншіден, «Ақжол» газетіне партиялық басшылық күшейтілсін. Екіншіден, редакторын орнынан алғып, ұстамды, даярлығы бар партияшылмен ауыстырылсын. Үшіншіден, редакция құрамы жаңартылып, бірінші кезекте партияшыл әдеби қызметкерлермен толықтырылсын. Төртіншіден, партияды жоқ интеллигенцияны «Ақжол» газеті редакциясында пайдалануға болады, бірақ партия тарапынан жетекшілік етілген жағдайда ғана.

- Түсінікті, жолдас Сталин.

- Олай болса, орындаңыз!- деп И.Сталин әңгімесінің аяқталғанын білдіріп, қолымен жәй ғана сермеді.

Кешікпей И.Сталиннің құпия белгісі соғылған хаты РК(б)П Кырғызстандың хатшысы В.И.Нанеишвилидің қолына тиді. Дереу бюро мүшелерін жинап мәжіліс өткізді. Күн тәртібінде жалғыз ғана мәселе болды: «Жолдас Сталиннің «Ақжол» газеті туралы хаты». Баяндаманы Нанеишвилидің өзі жасады. Сөзінің соңында былай деді:

- Казіргі кезенде «Ақжол» бүкіл Киргизиядағы ең ұстамсыз газет болып қалуда. Онда партияның беделін түсіретін қарсы пікірлер бас макалаларда, фельетондарда және белдеу макалаларда аз кездеспейді. Мұны Орта Азия ұлттық межелеп бөлуге байланысты Сырдария губкомының және Кырғызстандың ұйымының бюросын Ташкенттен Шымкентке көшуімен, яғни партиялық басшылықтың сол тұста әлсіреп кетуімен түсіндіруге болады. Мұндай нәрселерге, сөз жоқ, жол беруге болмайды.

...РК(б)П Кырғызстандың 1925 жылғы 10 маусымдағы бюро мәжілісінің № 69 шешімімен «Ақжол» газетінің редакциясы Ташкенттен Шымкентке көшірілді. 1922 жылдан бері газетке редактор болып келген қызылордалық Иса Токтыбаев қызметінен босатылды. Қауіпсіздік органдары Мұстафа Шоқаймен жасырын байланыста болған деген желеумен оны ізінше текстеруге алды. Саяси Бас Басқармасының мәліметі бойынша Токтыбаев Ташкентте тұрғанда Мұстафа Шоқай басқарған контрреволюциялық «Бірлік Туы» газетінің жұмысына белсенді араласқан. Сонымен қатар, Мұстафа Шоқаймен біреудің жеке үйінде жасырын кездескен. Жаңында Сұлтанбек Қожанов және Гүлсім Асфендиярова болған көрінеді. Қыскасы, Токтыбаев шетелде эмиграцияда жүрген Мұстафа Шоқаймен қылмыстық байланыста болуы мүмкін деген күдік болған.

Токтыбаев партия органдарына шағымданғысы келді. «Ақжол» газеті 1920 жылы шыққан «Жаңа өріс» газетінің жалғасы болатын.

Аптасына екі рет қазақ тілінде шығып тұрды. Алғашқы редакторы Сұлтанбек Қожанов болды. Сол кездері газет ұлтшылдар ықпалында болып, Орта Азия мен Қазақстандағы социалистік өзгеріс мәселелерін жазуда өрескел саяси-идеялық қателіктер жіберген көрінеді. Бұл туралы партия органдарымен сынға да алынған. Нәтижесінде Т.Рыскұлов газет редакторы С.Қожановты босатып, оның орнына Тоқтыбаевты тағайындаған. Өзінің шағымында Тоқтыбаев былай дейді: «Ұлтшылдар «Алаш азаматы» деген идеяны баспасөз арқылы насиҳаттауға тырысып бақты. Алайда, газет алашордашыларға тойтарыс беріп социалистік құрылыш бағытынан ешбір танған емес».

Дегенмен И. Сталиннің назарында болған «Ақжол» газетінің редакция құрамы толығымен жаңартылып, Тоқтыбаев Семейдегі «Қазақ тілі» газетіне редактор етіп жіберілді. Кешікпей қауіпсіздік органдары «Джайлас» деген бүркеніш атпен «ұлтшылдарға» қарсы жасырын жедел-іздестіру жұмыстарын жүргізді. Бұл іс бойынша Тоқтыбаевпен бірге Қызылорданың 53 азаматы құдікті болып, Қазақстандағы Біріккен саяси Бас басқармасымен агентуралық бақылауға алынды...

1925 жыл. Қызылорда қаласы. Біріккен саяси Бас басқармасының Қазақстандағы өкілетті өкілі И.Д.Каширин тұн ортасынан кейін жұмыстан қолы кішкене босап, күндізгі поштамен келіп түскен хаттарды қарап тексеріп шықты. Бірқатарына бұрыштама жазып, орындаушыларын белгіледі. Қалғандарын сейфіне салып, шешімін келесі күнге қалдырды. Бір ғана хатты алғып қалды. Бұл Қазақстан Орталық Атқару комитетінің төрағасы Сейтқали Мендешевтің өтініш білдірген хаты еді. Жоғарғы лауазым иесінің өтінішін мұқият оқып шықты. Онда былай делінген екен:

«Қазақстандағы Біріккен саяси Бас басқармасының
өкілетті өкілі И.Каширин жолдасқа
(жеке өзіне)

Белгілі қырғыз әмбебапты Мұстафа Шоқаевтың «Қоқан үкіметі» дегеннің бұрынғы үйымдастырушысы газетінде жарықта шыққан, өзім сіздің назарынызды аударуға тұрады деп есептеп, оның «Аштық» деген мақаласын қоса жолдап отырмын. Мақаланың мәніне келсек, онда шындыққа жанаспайтын және мұлдем дұрыс емес нөрсөлдер оте көп. Шетелде осынысымен

Ә. ТӘЖІБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ
ӘМБЕБАП ҒЫЛЫМИ
КІТАПХАНАСЫ

41623

Әйтіп-бүтіп табыс тауып жүрген Шоқаевтың әрекетін әшкерлеу қынға түспейді. Баспасөз беттерінде мақаланың бұл тармактарын жокқа шығару онай.

Қызық, Шоқаев сол акпараттарды қалай алды. Әлбетте, оған Түркістаннан «жазып» тұрады. Демек, оның түркістандықтармен белгілі бір байланысы бар. Онда, бәлкім, мұның (Шоқаевтың) Кокан үкіметінің қалдықтары сакталып қалса керек.

Мәселе, оның қазақ газеттерінің мәліметін қалай пайдалана алғанында. Мұнда ол «Бостандық Туы» (Ақмола губерниясы) мен «Қазақ тілі» (Семей губерниясы) газеттеріне сенетін сияқты.

Бұдан басқа, ол қазактың қоғам қайраткерлерінің «айрықша көмек комитетін» құруға әрекет жасап жатқаны тұралы мағлұмат келтіреді. Бұл әрекеттер Ақмола және Семей губерниясындағы бұрын «Алашорданың» өкілдері болған кейбір қызметкерлерден шыққан. Рас, біз олардың әрекеттерін сепаратизмді шақыратын тірлік ретінде жауып тастағанбыз. Бұл туралы, егер ұмытпасам, газеттерде жазылған жок. Демек, Шоқаев тек газет материалдарын ғана емес, сол сияқты өзіне келіп түсетін баска мәліметтерді де пайдаланады. Маған «Шоқаевтың қолына біздің «Бостандық Туы» және «Қазақ тілі» газеттерінің редакцияларына келіп түсетін материалдар тимей ме екен» деген ой келеді. Шоқаев мақалалары осы текстес болжамдарға итермелейді.

Осылардың бәрін хабарлай отырып, Каширин жолдас, мен сізден Шоқаевтың Түркістанмен байланысын анықтауға қажетті кадамдар қабылдауды, сондай-ак, «Бостандық Туы» және «Қазақ тілі» газеттерінің редакцияларына ұдайы бақылау орнатуды өтінемін.

Жолдастық сәлеммен, КазЦИК төрағасы С.Мендешев»

Кауіпсіздік органдарына С.Мендешев жақсы таныс еді. 1905 жылы Қазанда оқытушылар семинариясында оқып жүріп, тұнғыш Орыс революциясына қатысқан. 1918 жылдан партия мүшесі. В.И.Ленинің өз қолынан мандат алып, Кирревкомның төрағасы болған. Алашордалықтар мен ұлтшылдар қатарына косылмаған, интернационалист. Алайда, С.Мендешев соңғы кезде солшыл-радикалдық жағына қарай бет бұра бастады. Әрине, бұл қауіпсіздік органдарының назарынан тыс қалған жок.

Каширин хаттың бұрышына: «А.Р.Альшанскийге. Тексеріп, нәтижесімен баяндауға» деп, қолын койды.

Альшанский өзінің орынбасары еді. Нағыз фамилиясы Мильштейн Абрам Соломонович болатын. Каширин оның

бастауыш білімі жок, тіпті сауатсыз екенін біletін. Дегенмен іскерлігі, жеке қасиеті мен орындаушылық қабілетін сыйлап, жоғары бағалайтын. Қандай тапсырма берсөн де тиянақты және бұлжытпай орындаиды. Қысқасы, таптырмайтын чекист. Сондыктан Каширин жауапты жұмысты осы Альшанскийге ғана тапсыратын. Міне, бүгін де Мендешевтен келген өтініш-хатты тексеруді соған тапсырғанды жөн көрді. Бір жағынан оған сенді, екінші жағынан Мұстафа Шоқаев жөніндегі тексеру жұмыстары Мәскеу бақылауында екенін ескерді. Соңғы кездескен кезде КСРО Біріккен саяси Бас басқармасының төрағасы Менжинскийдің белгісіз емес Мұстафа Шоқаев туралы баса айтқан сөздерін қатты еске сақтады.

Каширин ішкі байланыс арқылы Альшанскийді өзіне шақырды.

- Анатолий Романович, Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Мендешевтен өтініш келіп тұсті. Эмиграцияда жүрген Мұстафа Шоқаев туралы жазған екен. Соған байланысты «Светоч» жете тексеру ісі бойынша жүргізіліп жатқан тексеру жұмыстарының нәтижесі қандай?

- Иван Дмитриевич! Мұстафа Шоқаевқа байланысты жедел іздестіру жұмыстары жүргізілуде. Орта Азия мен Қазақстандағы Біріккен саяси Бас басқармасының барлық бөлімшелеріне тиісті сұрау жолданды, бірақ әзірше жауап келген жок.

- Сонда Мұстафа Шоқаев туралы ешқандай мағлұмат жок па?

- Иван Дмитриевич, тексеруді енді бастадық емес пе? Нәтижесі болады. Қазір бірнеше агент шетелде тұрып жатқан Мұстафа Шоқаевтың осындағы таныстары мен пікірлес немесе қойын-қолтық бірге жұмыс істеген адамдарының арасына енгізілді.

- Бұл іс И.В.Сталиннің бақылауында екенін ұмытпаңыздар! - деп Каширин орынбасарына Мендешевтен келіп түскен хатты ұсынды. – Осыған байланысты тексеру жұмыстарын жүргізуіді саған тапсырамын. Әсіресе, Мұстафа Шоқаев пен «Бостандық Туы» және «Қазақ тілі» газеттерінің араларындағы байланыстың сипаттын анықтау керек.

- Тұсінікті, Иван Дмитриевич.

Альшанский бастығының кабинетінен іштей наразылық білдіріп шықты. Әрине, Каширин жолдасқа ренжуге болмайды. Жалпы, бұл қауіпсіздік органдарының кінәсі емес. Көп жағдайда партия органдарының жүргізіп жатқан саясатына байланысты. Жұмыстың негізгі бағытын солар белгілеп береді. Қауіпсіздік

органдарының негізгі міндеті диверсия мен зиянкестік, Отанға опасыздық жасағандар мен жансыздарға қарсы құрес жүргізу болып табылады. Алайда, соңғы кезде оларға жүктелмеген міндет қалмады. Ұлт қозғалысына бақылау жүргізу, қоғамдық ұйымдардың іс-әрекетін қадағалау, жемқорлар мен паракорлар, жалған ақша жасаушылар мен ұйымдасқан қылмыспен құресу, контрабанда, тіпті Ресейді астық, жемшөп және басқа да ауылшаруашылық өнімдерімен үздіксіз қамтамасыз ету жүктелді...

Альшанский осындай көніл күймен кабинетіне барып, Мұстафа Шоқайға байланысты «Светоч» деген бүркеніш атпен қозғалған жете тексеру ісін көтерді. Кенес өкіметінің қас жауы болып танылған Мұстафа Шоқайдың ісі тым жұқа екен. Альшанский іске тіркелген құжаттарды парактай бастады. Істе сұрау хаттар мен келген жауаптардан басқа маңызы бар құжаттар болмай шыкты.

«Құпия (бір дана)
Қазақстандағы Біріккен саяси
Бас басқармасының өкілетті өкіліне.
Кызылорда қаласы.

Осы жылғы 7 қантарда «Дни» газетінің №897 санында Мұстафа Шоқайдың «Пробуждение» атты мақаласы жарияланды. 2004 жылы қараашада «Еңбекші қазақ» газетінде бір топ қырғыз (қазақ) жас коммунистерінің көрнекті 6 партия және совет қызметкерлеріне жолдаған Үндеуі жарияланған. Автор аталмыш мақаласында сол Үндеуді кеңінен пайдаланып, Компартияның Қазақстандағы ұлт саясатын «негіzsіz» екенін дәлелдеп, совет басшыларының ауылдағы рулық ұрыс-таласын, тапқа жіктелуін бүркегісі келеді. Сондай-ақ, Мұстафа Шоқаев 1924 жылғы 16 наурызда «Ақ жол» газетінде «Токпак» деп белгісіз біреудің қол қойған мақаласына сілтеме жасаған.

Орта Азиядағы Біріккен саяси Бас басқармасының өкілетті өкілі жоғарыда аталған Үндеудің көшірмесін жолдап, оған қол қойған адамдардың тізімін жолдаңыздар. Сонымен қатар, Мұстафа Шоқаевтың Қазақстандағы сыйбайластары тұралы мағлұмат берсеніздер. Ал, 1924 жылы 16 наурыздағы «Ақ жол» газеті бізде бар.

Орта Азиядағы Біріккен саяси
Бас басқармасының өкілетті өкілі: (Бегман)»

«Құпия (бір дана)
Орта Азиядағы Біріккен саяси Бас
басқармасының өкілетті өкіліне.
Ташкент қаласы.

Қазақстандағы Біріккен саяси Бас басқармасы. Осымен, 1925 жылы 20 қантарда «Советская степь» газетінде жарияланған бір топ мәскеулік студенттердің Қазақстандағы жауапты қызметкерлерінің атына жазған ашық хатының көшірмесін, сондай-ақ, 1925 жылы ақпанда «Ақ жол» газетінде ВКП(б) Казкрайкомның жауапты қызметкери С.Кожановтың «От голых фраз к делу» атты мақаласының көшірмесін жолдап отырмыз.

Мұстафа Шоқаевтың Қазақстандағы сыйбайластары жөнінде қосымша хабарлаймыз.

Қоса тіркеледі: 3 бет.

«Қазақстандағы Біріккен саяси Бас басқармасының өкілетті өкілінің орынбасары: (Бокша)»

«Құпия (бір дана)
Орта Азиядағы Біріккен саяси Бас
басқармасының өкілетті өкіліне.
Ташкент қаласы.

Кейбір тексеруге жататын мәліметтерге қарағанда Мұстафа Шоқаевпен және Германияда тұрып жатқан қырғыз (қазак) әмігранттарының Киргизиядағы (Қазақстандағы) ұлт қайраткерлерімен байланысы бар. Сіздер тексеріп жатқан істер бойынша біздің қырғыздар (қазақтар) өтіп жатқан жоқ па? Нактылап айтқанда, Мұстафа Шоқаевпен байланысы бар Мир-Якуб Дулатов жөнінде мәліметтер қажет. Расталған жағдайда, Сіздерден хабар күтеміз.

«Қазақстандағы Біріккен саяси
Бас басқармасының өкілетті өкілі: (Каширин)»

Альшанский құрылымы жағынан ұқсас іске тіркелген осын-дай бірнеше құжатты оқып шығып, істін қалған беттерін сыйдырғы қарап шықты. Өйткені, бұл іс бойынша жүргізілген тексеру

жұмыстарына көнілі мұлдем толмады. Жете тексеру ісі кеңсе хатшылығының кіріс-шығыс кітабына ұксайды. Біріккен саяси Бас басқармасына келіп түскен немесе шығыстан шыққан құжаттарды ғана ұқыпты тіркеп отырған. Іс-шарасы, накты белгіленген жоспары да жок. Жеке тексерушілер де аса белсенділік таныта қоймаған. Бұл іске қарсы барлау бөлімінің шындаپ кіріспегені анық байқалады. «Осындай жоспармен, осындай орындаушылармен қалай Мұстафа Шоқаевтың қастандық әрекетін анықтаймыз? Мүмкін жете тексерушілерді ауыстыру қажет шығар?», - деп Альшанский біраз ойға шомды. Арасында темекісін тартты, шайын ішті, бірақ оған қанағаттанбады. Сосын барып сейфін ашып жоғарғы полкасында қазқатар қойылған чекистік әдебиеттерді жылжытып, кол астындағы қызметкерлерінен жасырып қойған бір шөлмек аракты алды. Осы жерде тұрып қырлы стаканға аракты толтырып құйып, бір-ак тартты. Аракқа жейтін шайнаманы да қажет еткен жок, былғарымен қапталған креслосына барып жайғаса кетті. Арактың құдыретін-ай, тұла бойына жағымды жылу тарап, нашарлаған жүйке жүйесі қалпына келе бастады. Стол тартпасынан темекісін алып асықпай тұтатты. Темекісін бұрқыратып шегіп шамалы болса да женілденді. Есіне туған жері, отбасы, бұрынғы атқарған қызметтері тұсті...

Альшанский 1896 жылы Томск қаласында, қарапайым еврей отбасында дүниеге келген. Экесі ерте қайтыс болған. Отбасының тұрмысы төмен болғасын бастауыш мектепті тастанап, 13 жасынан бастап жұмыс істеуге мәжбүр болған. Бірінші дүниежүзілік соғысқа катысады. Кейін мемлекеттік саяси басқармасына жұмысқа тартылған. 1920 жылдан 1924 жылға дейін қатардағы қызметтен Қазақстандағы Біріккен саяси Бас басқарма бастығының орынбасары қызметіне дейін көтерілген. Ата-анасының азан шакырып қойған аты Мильштейн Абрам Соломонович. Бірақ Әскери бакылау басқармасының нұскамасы бойынша аты-жөні Альшанский Анатолий Романович деп өзгертілді. Әскери қызметтің қатаң тәртібі бойынша қызметкерді қайда жіберсе, сонда барып жұмыс істеуі керек. Альшанский қауіпсіздік органдарында қызметке орналасқаннан кейін Ресейдің бірнеше қаласында жұмыс істеді. Кейін Қазақстанға ауыстырылып, алдымен Ақтөбедегі губерниялық бөлімнің бастығы болды. Алайда, бұл қызметі ұзакқа созылған жок. Кешікпей жаңа жұмысқа Қызылордаға жіберілді. Сырдария жағалауында орналаскан провинциялдық шағын қалаға бірінші рет келгенде

оған тіпті ұнаған жоқ. Расын айтқанда, құдай ұмыткан қала сияқты болып көрінді. Бүкіл қалада не бары екі көше, шатырмен жабылған азды-көпті 10-15 кеңсе мен тұрғын үйлері бар еken. Қалғандары қам кесектен салынған, шатыры жоқ, сылактары түскен, яғни қараусыз қалған үйлер секілді. Шыжыған ыстық, шаң, жел, күнделікті көрініс. Альшанский Қызылорда қаласына алғашқы келгенінде кума жел тозанды көріп, түнілуге түскен еді. Кейін бірте-бірте қалаға үйрене бастады.

Біріккен саяси Бас басқармасы қаладағы тәуір деген ғимаратка орналасқан. Бұрын бір саудагер сарттың үйі болған дейді...

Альшанский ертеңіне бөлім бастығы Пяткинді шақырып, Мендешевтың хатына байланысты Біріккен саяси Бас басқармасының Ақмола және Семейдегі губерниялық бөлімшелеріне «Бостандық Туы» мен «Қазақ тілі» газеттері редакцияларын жасырын бақылауға алып, жете тексеру жөнінде хат жолдауды тапсырды. Пяткин жарты сағаттан кейін Альшанскийге жеке жолығып, берген тапсырманың орындалғанын баян етті.

«Күпия (бір дана)
Біріккен саяси Бас басқармасының
Семейдегі губерниялық бөліміне
Біріккен саяси Бас басқармасының
Ақмоладағы губерниялық бөліміне

Кырғыз (қазак) эмигранты Мұстафа Шокаевтың (Кокан үкіметінің бұрынғы басшысы) Берлинде басылып шығатын «Дни» газетінің 1924 жылғы 5 шілде №503 санында жарияланған «Голод» деген мақаласына қарағанда шетелдегі эмиграцияның «Бостандық Туы» мен «Қазақ тілі» қырғыз (қазак) газеттерімен байланысы бар сияқты.

Расын айтқанда, Бұл оқиға 1924 жылы орын алған. Алайда, аталған газеттер редакцияларының шетелдегі контрреволюциялық эмиграциямен қазіргі байланысын жете тексеру арқылы анықтау кажет.

Қазақстандағы Біріккен саяси
Бас басқармасының өкілетті өкілі:
(Каширин)»